

6D010300/8D011 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту әрекеттері жаһандық және ұлттық деңгейде жоғары сұранысқа ие болып тұрған қазіргі заманда еліміздің білім беру жүйесі жаңа тәсілдерді енгізуді және инновациялық білім беру технологияларын қолдануды қажет етеді. Осы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектептері еліміздің білім беру жүйесінде отандық және халықаралық үздік тәжірибелерді үйлестіре отырып, зияткер, шығармашылық әлеуеті дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған инновациялық орта ретінде танылды. НЗМ-нің «NIS-Programme» білім бағдарламасы ұсынған білім беру моделіне сәйкес шығармашылық әлеуеті дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсатында диссертациялық зерттеу жұмысы зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін, тиімді әдіс-тәсілдері мен формаларын анықтауды және оларды іске асыру тетіктерін ұсынуды міндет етіп алады. Сондықтан, зияткерлік мектептерде оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын шығармашылық білім беру мен орта қалыптастыруға бағыттап ұйымдастыру қажеттіліктеріне орай диссертациялық зерттеу жұмысы өзекті болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру жобасы» ұлттық жобасы оқушылардың шығармашылық әлеуетінің дамуы орта білім беру жүйесінің басым мақсаттары мен мүдделерінің бірі болып табылатындығы көрсетілген. ҚР «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» құжатының «Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, жаңартылған негізгі орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» параграфында «Білім берудегі құндылықтарды дарыту кезіндегі білім алушылардың сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдылары дамуы тиіс» делінген талапты орындау мақсатында, сондай ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан</p>

			<p>халқына жолдауында: «Бүгінгі таңда азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен интеллектуалдық капиталына сүйенетін креативті индустриялар инклюзивті экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күші ретінде креативті экономика талантты және шығармашыл адамдарды тарту және солар арқылы ірі қалалардың өркендеуіне ықпал ету» міндеттерін жүзеге асыруға зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық моделі мен олардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы сатылы тетіктері ұсынылады.</p> <p>Осы тұрғыда Л.А.Тлеубекованың «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысы білім мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Докторант Л.А.Тлеубекованың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы 6D010300 / 8D011 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы шеңберінде орындалып, қорғауға ұсынылған.</p> <p>Л.А.Тлеубекованың «Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосатын, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды ғылыми еңбек болып табылады.</p> <p>Докторанттың зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы төмендегідей:</p> <p>-зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, зерттеуді ұйымдастыруда қолданылған әдіснамалық тұғырлардың негізделуі, отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер тәжірибесін кешенді талдау нәтижесінде алынған ғылыми тұжырымдар зерттеудің теориялық маңыздылығын арттырады. Атап айтқанда, философиялық, тарихи, психологиялық және педагогикалық аспектілерде жасалған теориялық қорытындылар, негізгі ұғымдарға берілген нақтылаудағы нәтижелері ғылымға елеулі <u>үлес қосады және оның</u></p>

			<p><i>маңыздылығы ашылған.</i></p> <p>-зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды ұйымдастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін әртүрлі қырынан жүйелі түрде ашып көрсетуі зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындап, еліміздегі білім беру маңызын мазмұндық тұрғыдан толықтыру бойынша ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>-зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттеріне сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштердің, сондай-ақ құрылымдық-мазмұндық модельдің әзірленуі зерттеудің құрылымдық тұстарын күшейтіп, ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>-зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесінің жасалып, оның тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда дәлелденуі, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың түзілуі зерттеудің практикалық маңыздылығын айқындап, педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесін байытуда ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Докторанттың диссертациялық жұмысы бойынша «өзі жазу» принципі толық сақталған. Зерттеу мазмұнында автордың дербес ғылыми ұстанымы, өзіндік ой-тұжырымдары мен қорытындылары айқын көрініс тапқан. Теориялық материалдар сындарлы талданып, жүйеленіп берілген, ал тәжірибелік бөлімде алынған нәтижелер авторлық талдаумен негізделген.</p> <p>Жұмыста пайдаланылған ғылыми дереккөздер орынды және талапқа сай рәсімделіп, авторлық мәтін мен дәйексөздер арасындағы шекара сақталған. Мәтін құрылымы, ғылыми тілдің қолданылуы және логикалық бірізділік зерттеудің автор тарапынан өз бетінше орындалғанын дәлелдейді және өзі жазу деңгейі – жоғары деп бағаланады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның диссертациялық зерттеуінің өзектілігі жан-жақты әрі дәйекті түрде негізделген. Диссертацияда зерттеу өзектілігін айқындау барысында қазіргі қоғамның әлеуметтік сұраныстары мен білім беру тәжірибесіндегі нақты мәселелерге ғылыми талдау жасалған. Атап айтқанда, біріншіден, қоғамда оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға деген сұраныстың артуы мен бұл үдерістің зияткерлік мектептер тәжірибесінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелі қамтамасыз етілмеуі арасындағы алшақтық анық көрсетілген.</p> <p>Екіншіден, білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан реформалардың оқушылардың</p>

			<p>шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы мен осы міндетті тиімді жүзеге асыруда зияткерлік мектептердің өзіндік ерекшеліктерінің жеткілікті деңгейде ескерілмеуі мәселесі негізделген.</p> <p>Үшіншіден, зияткерлік мектептерге қабылданған оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы деңгейі мен оны одан әрі жүйелі түрде дамытуға арналған тетіктердің ғылыми тұрғыдан жетілдірілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі диссертациялық зерттеудің ғылыми және қолданбалы маңыздылығын айқындайды.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Докторант Глеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үш тараудан тұратын құрылымымен зерттеу тақырыбының мазмұнын толық әрі жүйелі түрде ашады. Диссертацияның логикалық құрылымы мен тараулар арасындағы мазмұндық сабақтастық ішкі бірлік принципінің сақталып, <i>диссертациялық зерттеу тақырыбын айқындайды.</i></p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат пен міндеттер диссертациялық тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келеді. Белгіленген мақсат пен міндеттердің жүйелі түрде орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін айқындайды.</p> <p>Диссертант зерттеудің негізгі мақсатын зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, оны жүзеге асырудың әдістемесін әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделген ұсыныстар ұсыну деп анықтайды. Осы мақсатқа сәйкес нақты зерттеу міндеттері айқындалып, олар диссертациялық жұмыстың мазмұнында бірізді түрде шешімін тапқан.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен алдын ала айқындалған міндеттері зерттеудің барлық кезеңдерінде жүйелі түрде жүзеге асырылып, нәтижесінде педагогика ғылымы үшін маңызды, дәйекті ғылыми қорытындылардың барысында <i>сәйкес келеді.</i></p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен барлық бөлімдері өзара логикалық байланыста құрастырылған, мәтін мазмұнының баяндалуы тұтастық пен бірізділік принциптерін сақтайды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер авторлық қорытындылармен өзара үйлесіп, диссертацияда алға қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер ішкі бірлік негізінде жүйелі түрде баяндалған.</p> <p>«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші</p>

			<p>тарауда зерттеліп отырған мәселенің философиялық, тарихи, психологиялық және педагогикалық қырлары кешенді түрде талданған. Автор шығармашылық әлеует ұғымының қалыптасу генезисін айқындап, зерттеудің әдіснамалық негіздерін құрайтын тұғырларды негіздей отырып, олардың зерттеу үдерісіндегі функцияларын нақты сипатталуымен;</p> <p>«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды модельдеу» атты екінші тарауда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері салыстырмалы талдау негізінде ашылып, әртүрлі зияткерлік мектептердің қызметіне талдау жасалады. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделіндегі компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері ғылыми тұрғыдан негізделуімен;</p> <p>«Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі» атты үшінші тарауда эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың барысы мен нәтижелері баяндалады. Бұл тарауда оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы диагностикасы жүргізіліп, оны дамытуға арналған бағдарлама ұсынылады. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп, алынған нәтижелер арқылы оның нәтижелілігі дәлелденуімен және диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімінде зерттеу барысында қол жеткізілген негізгі ғылыми нәтижелер жүйеленіп, практикалық маңызы бар ғылыми-әдістемелік ұсыныстар түзілуімен <i>толық байланысқан</i>. Диссертация мазмұны ғылыми аппарат талаптарына сай құрылымдалып, теориялық және эмпирикалық сипаттағы бөлімдердің өзара тығыз байланысы қамтамасыз етілген. Бөлімдерде ұсынылған теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген деректер, зерттелетін мәселенің қалыптасу генезисі мен тарихи аспектілерінің талдауы, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің негізделуі, сондай-ақ мәселенің бастапқы деңгейін анықтау және оны арнайы бағдарлама аясында эксперименттік жолмен жүзеге асыру әдістемесі түпкі нәтижеге қол жеткізу үдерісіне дейін логикалық тұрғыда сабақтасып, біртұтас жүйе ретінде ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай</p>	<p>Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін кешенді талдау барысында автор идеяның қалыптасу генезисін және қазіргі кезеңдегі шығармашылық әлеуеті дамыған оқушының сапалық болмысын айқындауда отандық және шетелдік зерттеушілердің көзқарастары мен ғылыми нәтижелеріне</p>

		<p>жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>салыстырмалы талдау жүргізген. Осы талдау негізінде диссертанттың өзіндік ғылыми ұстанымы мен авторлық тұжырымдары қалыптасқан.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері сандық және сапалық көрсеткіштер тұрғысынан өңделіп, олардың интерпретациясында <i>сыни талдау бар</i>. Диссертацияда алынған ғылыми жаңалықтар бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен жаңалығы бағаланған.</p> <p>Алынған нәтижелер зерттеудің алға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ ғылыми болжамына толық сәйкес келетін, өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы ғылыми тұрғыда негізделген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Л.А.Тлеубекованың диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>ғылыми жаңалық сипатымен</i> ерекшеленеді және толықтай авторлық тұрғыда негізделген. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің барлығы педагогика ғылымы үшін <i>жаңа ғылыми тұжырымдар</i> ретінде бағаланады.</p> <p>Бірінші ғылыми қағидат зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен сипатталады. Осыған сәйкес, диссертациялық жұмыстың бірінші ғылыми нәтижесі зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің кешенді түрде негізделуімен ерекшеленіп, <i>толықтай жаңа ғылыми нәтиже</i> болып табылады.</p> <p>Екінші ғылыми қағидат зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуімен анықталады. Бұл тұрғыда екінші ғылыми нәтиже ретінде зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің ұсынылуы <i>толықтай жаңа ғылыми шешім ретінде</i> қарастырылады.</p> <p>Үшінші ғылыми қағидат зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерінің айқындалуымен байланысты. Соған сәйкес, үшінші ғылыми нәтиже зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың өзіндік ерекшеліктерінің анықталуымен сипатталып, <i>толықтай жаңа ғылыми нәтиже</i> болып табылады.</p> <p>Төртінші ғылыми қағидат зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесінің әзірленуі, оның тиімділігінің педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденуі және нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуімен негізделеді. Осыған сәйкес, төртінші ғылыми нәтиже ретінде зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған әдістеменің жасалып,</p>

		оның нәтижелілігінің тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденуі және ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың ұсынылуы <i>толықтай жаңа ғылыми нәтиже</i> болып табылады.
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Л.А.Тлеубекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде беріліп, зерттеу аппараты мен мазмұнының үйлесімділігі, қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігі, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануы, сондай-ақ сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуі тұрғысынан толықтай жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағаланады.</p> <p>Диссертацияның негізгі қорытындылары төмендегідей сипатталады:</p> <p>Бірінші қорытынды – зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы және оның құрамдас бөліктерінің сипатталуы, <i>толықтай жаңа</i> ғылыми нәтиже болып табылады.</p> <p>Екінші қорытынды – зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі, сондай-ақ «шығармашылық әлеует» және «шығармашылық әлеуеті дамыған оқушы» түсініктерінің мазмұны мен құрылымының нақтылануы, <i>толықтай жаңа</i> ғылыми шешім ретінде қарастырылады.</p> <p>Үшінші қорытынды – зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерінің айқындалуы және салыстырмалы талдау жүргізілуі, <i>толығымен жаңа</i> ғылыми нәтиже болып саналады.</p> <p>Төртінші қорытынды – зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесінің жасалуы, оның тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстармен реттелуі <i>толықтай жаңа</i> ғылыми нәтиже ретінде бағаланады.</p> <p>Сонымен қатар, ұсынылған «Creative Boost» атты элективті курс бағдарламасының мазмұны және оны іске асыруға арналған «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралы да толықтай жаңа және педагогикалық практикада қолдануға қабілетті құрал ретінде қарастырылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс барысында жүргізілген зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар <i>толығымен жаңа</i> ғылыми шешімдер ретінде қарастырылады. Олар зерттеу үдерісіндегі авторлық тұжырымдар, енгізілген инновациялық актілер, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері және ғылыми жарияланымдар арқылы дәлелденген.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеудің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан толық негізделген және олардың дәлдігі математикалық-статистикалық талдаулар арқылы сенімді түрде расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші қағидат: зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы.</p> <p>7.1 түсіндірме: Бұл қағидат аясында зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты айқындалып, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ғылыми ұстанымдары негізделіп <u>дәлелденді</u>.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Келесі мақалаларда <u>дәлелденген</u>.</p> <p>1. Кіріктірілген білім беру жүйесінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың тиімділігі // International Symposium on Altay Communities Home- Family and Family Values. Istanbul, July 24-26. -№22. 2017. - p.p.-851- 859.</p> <p>2. Formation of Students' Creativity Potential In Intellectual Schools // Journal of Organizational Behavior Research. Turkey.- 2015.Vol.:4, 2019. p.p-148-161. (co-authored with K.Atemova, A.Isabayeva, G.Nuridinova, N.Bektayeva, B.Sengerbekova.</p> <p>Екінші қағидат: зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы.</p> <p>7.1 түсіндірме: Бұл қағидатта зияткерлік мектепте оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерінің жиынтығын құрайтын, осыған сәйкес реттелетін өлшемдер мен көрсеткіштердің және деңгейлерінің анықталуымен жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалу қағидаты <u>дәлелденген</u>.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Ия. Келесі мақалаларда <u>дәлелденген</u>.</p> <p>1. Nazarbayev Intellectual school is a sphere of creativity // 8th International Conference “Science and Technology” by SCIEURO London, №1, V.2, 23-29 April, 2017. p.p- 104-109.</p> <p>Үшінші қағидат: зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерінің анықталуы.</p> <p>7.1 түсіндірме: Бұл қағидатта еліміздегі оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытуға</p>

бағытталған түрлі санаттағы мектептер қызметі салыстырмалы талданып, жүйеленеді. Олар: зияткерлік мектептер, «Білім-инновация лицейі» (БИЛ), дарын мектептері бойынша салыстырылып, әртүрлі аспектілері (Білім беру бағдарламасы, Үштілдік білім беру, пәнаралық байланыс, шетелдік мамандарының тартылуы, ЖОО-на түсу емтіндарына дайындығы, үйірмелердің қолжетімділігі, ағылшын тілі емтиханының міндеттілігі, ғылыми жұмыспен айналысу және олимпиадаға дайындық, «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні бойынша, Халықаралық стандартқа сәйкес келуі және бағалау үдерісі бойынша) сипатталуы арқылы аталмыш қағидаты дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. - 2019, -Б. 137-142.

2. 2. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019, -Б.139-143.

Төртінші қағидат: Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі әзірленді, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексеріліп, нақты құнды әдістемелік ұсыныстар берілді.

7.1 түсіндірме: Бұл қағидатта оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға әсер етуші креативті триада: пән мұғалімдері, психологтар, тәлімгерлердің бірлескен жұмыстары негізінде, соынмен қатар, элективті курс бағдарламасы аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту сатылары ұсынылып, кешенді жұмыстардың жүргізілу нәтижесінде ұсынылып отырған қағидаты дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Development of Students' Creativity: Results of Practical Testing of the Learning Model during the Pandemic//European Journal of Contemporary Education, 2023, 12 (2), pp.655-666.

2. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. - 2019. - Б.137-142.

			3. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential //Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019. - Б.139-143.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ.	Ия, зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (Тұлғалық, іс-әрекеттік, синергетикалық, шығармашылық, өркениеттік тұғыр мен жүйелілік, ғылымилық, даралану мен түрлену, креативтілік ұстанымдары) жиынтығы ретінде әдіснама <i>нақты жазылған</i> . Нақтыланған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар әдістеменің тиімділігіне өз әсерін береді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Иә, диссертациялық жұмысты орындау барысында SmartArt технологиясы, графиктер, суреттер және гистограммалар сияқты құралдар қолданылған. Сонымен қатар, ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдері тиімді пайдаланылған. Зерттеу нәтижелері жүйеленіп, компьютерлік технологиялар арқылы диаграммалар мен визуалды материалдар түрінде ұсынылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Барлық қорытындылар және анықталған өзара байланыстар әдістемелік модель негізінде тәжірибелік-эксперимент арқылы толық дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде ұсынылған теориялық қорытындылар, құрылымдық-мазмұндық модельдер және анықталған заңдылықтар тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы жан-жақты тексеріліп, расталған. <i>Ия.</i> Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері оқушылардың шығармашылық әлеуетінде оң динамиканы көрсеткен. Зерттеу «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Шымкент қаласы, Абай ауданындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында жүргізілген. Экспериментке жалпы саны 198 оқушы қатысқан.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, әрбір маңызды мәлімдемені ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, <i>расталған</i> . Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне жүйелі түрде сілтеме беріліп, алынған нәтижелердің негізділігі мен ғылыми құндылығы қамтамасыз етілген.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Докторант зерттеу жұмысы барысында 200 ден астам дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	Иә, диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды ғылыми нәтижелер деуге толық негіз бар. Зерттеу аясында келесі нәтижелерге қол жеткізілген: -зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, олардың ғылыми тұрғыдан негізделуі жүзеге асырылған; -зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері жан-жақты зерттеліп, салыстырмалы талдау арқылы айқындалған; -зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның құрамдас бөліктері мен құрылымы нақты анықталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Иә, диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және алынған нәтижелері тәжірибеде қолдану мүмкіндігі <i>жоғары</i> . Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнындағы педагогикалық бағытта оқитын мамандықтарда, сондай-ақ мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында қолдануға толық негізделген. Атап айтсақ: - зерттеу мәселесі бойынша «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы жасалып ұсынылған. - оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құрал әзірленіп, зияткерлік мектептің оқу бағдарламасына ұсынылған. -зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға болады. -ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. - зерттеу нәтижелерін ЖОО-нан кейінгі білім беруде және біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Зерттеу жұмысы аясында жасалған практикалық ұсыныстар <i>толықтай жаңа</i> сипатқа ие болып, диссертациялық зерттеу нәтижелеріне сүйеніп әзірленген нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды қамтиды. Бұл ұсыныстар білім берудің кез келген бағытына тиімді түрде енгізіліп, қолдануға және педагогикалық тәжірибеде пайдалану үшін негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Академиялық жазу сапасы <i>жоғары</i> деңгейде қамтамасыз етілген. Диссертацияда ғылыми баяндау стилі толық сақталып, мәтін нақты, жүйелі және логикалық бірізділікпен құрылған. Зерттеу

		4) төмен.	жұмысы ғылыми қызығушылық тудырып, нақты деректер мен материалдарға бай, сауатты жазылған. Диссертация мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар және терминдер жүйесі жеткілікті және нақты түрде ұсынылған. Сонымен қатар, диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын стандарттық талаптарға толық сәйкес келеді. Докторант Л.А.Тлеубекованың диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыда сауатты жазылған еңбек деп айта аламыз.
11.	Диссертацияға ескертулер	Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша келесідей ескертулер беріледі: - тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыруда «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы берілген. Ондағы тақырыптардың барысын, яғни элективті курс бағдарламасының мазмұнын әрбір тақырып бойынша көлемді аша түскенде, диссертациялық жұмыстың маңызы жоғарылар еді; Алайда, бұл ескерту диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. Ұсыныс ретінде де санауға болады.	
12.	Қорытынды	Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D010300/8D011 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.	

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТ:

**Ph.D. ассистент профессор
SDU University**



Тлеубекова Дайла Маратовна

